

"Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 9 маусымдағы № 479 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

18-қосымшада:

реттік нөмірі 16-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

16.		Ауылдық елді мекен санатынан қайта құрылған қаладағы жұмысы үшін жоғарылату		
	"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ауылдық елді мекен санатынан қайта құрылған қалалық елді мекенде орналасқан мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдарда жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман		25 %-дан кем емес	

шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға елді мекеннің санаты қайта құрылған күннен бастап үш жыл бойы жоғарылатылған айлықақы (тарифтік мөлшерлемелер) белгіленеді			
--	--	--	--

”.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, 2026 жылғы 10 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады және 2027 жылғы 9 қаңтар аралығына дейін қолданыста болады.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК